

«КЕЛІСЕМІН»

**«Ақтөбе облысының мәдениет,
архивтер және құжаттама
басқармасы» ММ басшысы**

 **А.Юнисова**

« _____ » **2025 ж.**



«БЕКІТЕМІН»

**«Ақтөбе облысының
планетарийі» МКҚК директоры**

 **К.Бөлеков**

« _____ » **2025 ж.**



«Ғалам сенің қолыңда»

**оқушылардың III-ші Республикалық астрономиялық олимпиадасының
ЕРЕЖЕСІ**

I. Жалпы бөлім

«Ақтөбе облыстық планетарийі» МКҚК дарынды оқушыларды анықтау, ғылымға баулу, жаратылыстану білімдерін насихаттау, астрономия ғылымына қызығушылығын арттыру мақсатында мектеп оқушылары арасында Республикалық астрономиялық олимпиада (бұдан әрі - Олимпиада) өткізеді. Олимпиада зияткерлік сайыс мәртебесіне ие.

Олимпиада «Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» ММ қолдауымен, «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ бірлесе отырып өткізіледі.

II. Олимпиаданың міндеттері мен мақсаттары

1. Жалпы білім беретін мектеп оқушыларын ғылымға баулу, астрономия, физика, космонавтика ғылымдарына деген қызығушылығын арттыру;
2. Дарынды балаларды анықтау және болашақ мамандықты таңдауға көмек көрсету;
3. Қатысушыларды іріктеу және оларды республикалық, халықаралық астрономия олимпиадаларына дайындау;
4. Астрономиялық үйірме жұмысының белсенділігін арттыру;
5. Туған жер мен еліміздің ғалымдарын, ғарышкер батырларының есімдерін насихаттау.

III. Олимпиада қатысушылары

Олимпиадаға 13 жастан 16 жасқа дейінгі жас санатындағы оқушылар (әр өңірден барлығы 5 адам: 4 оқушы, 1 жетекші) қатысады. Олимпиадаға қатысушылар екі топқа бөлінеді: Альфа және Бета.

Альфа тобына толық 13, 14 жастағы оқушылар қатыса алады. (олимпиада өткізілетін жылдың 1 қаңтарын қоса алғанда), бірақ бітіруші түлектер қатыса алмайды.

Бета тобына толық 15, 16 жастағы оқушылар қатыса алады. (олимпиада өткізілетін жылдың 1 қаңтарын қоса алғанда), бірақ бітіруші түлектер қатыса алмайды

Олимпиадаға команданың стандартты құрамы Альфа тобы бойынша 2 қатысушыдан және бета тобы бойынша 2 қатысушыдан аспайды.

Жергілікті ұйымдастыру комитеті қала мен облыстан кемінде 3(бірақ 5-тен аспайтын) команда шығаруға құқылы.

Топ жетекшілері астрофизикалық білім беру саласындағы маман болуы тиіс және пойыздарда мектеп оқушыларының топтарын алып жүру тәжірибесі болуы керек. Олимпиадаға ұйымдастыру комитетінің ережесінде көрсетілмеген бөгде адамдар мен қонақтар қатыстырылмайды.

IV. Олимпиада ұйымдастырушылары

Олимпиаданың ұйымдастыру комитетін МКҚК «Ақтөбе облыстық планетарийі» құрады.

V. Олимпиаданы өткізу тәртібі және қатысушыларды тандау

Олимпиаданың жалпы ұзақтығы кемінде 5 күнді құрайды.

Олимпиада теориялық бір турдан тұрады. Қатысушыларға астрономия, ғарыштық физика және космонавтика ғылымдары бойынша төрт тапсырма және бір практикалық тапсырма (барлығы бес тапсырма) ұсынылады.

Тапсырмаларды орындау үшін салыстырмалы тұрғыда мектеп бағдарламасының стандартынан тыс (тиісті сынып) тереңдетілген білім қажет болуы мүмкін.

Әрбір қатысушы олимпиада тапсырмаларын орындау үшін мемлекеттік қазақ немесе орыс тілдерін таңдай алады.

Қатысушылар тапсырмаларды таза парақ-бланктерде орындайды (А4 форматы). Дайын жауапты жазу кезінде келесі талаптар сақталуы қажет: тапсырманың нөмірі көрсетіледі, содан кейін оның жауабы жазылады. Суреттер мен сызбалар, сызғыш және қарындаштың көмегімен мұқият орындалуы керек. Жауаптары бар парақтарға қатысушының аты-жөні жазылмайды, тексеру кезінде қатысушының жұмысы жасырын қалады. Сондай-ақ, қатысушыларда инженерлік калькулятор болуы керек. Қатысушының орындаған жұмыстары коды бар арнайы конверттерге салынады. Турды өткізудің соңғы қорытындылары шығарылғанға дейін кодпен жасырылған оқушылардың аты-жөндері жария етілмейді.

Турды өткізу кезінде қатысушыларға байланыс құралдарын (телефон, интернет т.б.), сондай-ақ қазылар алқасының рұқсатымен қолдануға болатын құралдардан басқа кез келген анықтамалық материалдарды пайдалануға тыйым салынады. Қазылар алқасы тапсырмалардың мазмұны бойынша қатысушыларға қосымша анықтамалық деректер ұсынуға құқылы. Барлық топ үшін турдың ұзақтығы- 4 сағат.

VI. Олимпиаданы өткізу мерзімі

Олимпиада жыл сайын күз айларында өткізіледі. Ұйымдастыру комитеті алдын ала облыстық білім басқармаларына шақырту жібереді, онда олимпиадаға қатысуға өтінімдерді қабылдау күні мен мерзімі көрсетіледі. Ұйымдастыру комитеті командаларды олимпиаданы өткізу бағдарламасымен хабардар етеді (өткізу күнінен 15 күн бұрын).

VII. Олимпиаданың қазылар алқасы

Олимпиаданың қазылар алқасы кәсіби астрономдар мен астрофизиктерден, ЖОО оқытушыларынан, планетарийдің ғылыми қызметкерлерінен тұрады. Қазылар алқасы олимпиада тапсырмаларын дайындайды. Тапсырмалардың күрделілігі олимпиадаға қатысушылардың жас деңгейіне байланысты қарастырылады. Берілетін тапсырмалардың шешімдері нақты білім деңгейі мен шығармашылық мүмкіндіктерін қажет ететіндей таңдалынады. Қазылар алқасы қатысушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, білім деңгейіне қарай дипломдармен марапаттаушылар санын анықтайды.

VIII. Жеңімпаздарды марапаттау

Олимпиаданың қорытындылары бойынша жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен және алтын, күміс, қола медальдармен марапатталады. Қалған қатысушыларға қатысқаны үшін диплом, жетекшілеріне алғыс хаттар беріледі. Олимпиаданың қазылар алқасы қатысушылардың нақты ұпай санына қарай жүлделі орындарды анықтайды. Ұйымдастыру комитеті мен олимпиаданың қазылар алқасы көзге түскен оқушыларды қосымша сертификаттармен марапаттауға құқылы.

Ұйымдастыру алқасы қосымша номинациялар құруға құқылы, сонымен қатар басқа ұйымдардан арнайы сыйлықтар мен дипломдар тапсыруға мүмкіндік береді.

IX. Олимпиаданы қаржыландыру

Олимпиаданы қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізуге қажетті шығындары, оның ішінде басқа қаладан келген қатысушылардың жататын жері мен тамақтануы (келу-кету жолақысы кірмейді) МКҚК «Облыстық планетарий» қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

X. Олимпиаданың негізгі қағидаларын өзгерту

Олимпиаданы ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын түзету және нақтылау, осы ережені өзгерту арқылы жүзеге асырылады.